

Н.У. Абдуллина¹, Қ.Ж. Айдарбек²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;²А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: nazgulua@mail.ru)

Концептуалдау және категориялау мәселелері когнитивтік құрылымдар негізі ретінде

Мақалада концептуалдау және категориялау мәселелерінің кейбір ерекшеліктері, әрі осы сұрақтармен байланысты когнитивтік бірлік және құрылым атаулары қарастырылды. Концептуалдау мәселесі адамның танымдық белсенділігінің аса маңызды қызметтері қатарына жатқызылды. Бұл үдеріс адам миына түсетін жалпы барлық мәліметтерді санаға сіңірте отырып, онда концептілер мен когнитивтік құрылымдардың түзілуін іске асырады, әрі міндетті түрде категориялау үдерісімен қатар жүреді де, нәтижесінде адам санасында нақты когнитивтік құрылымдар пайда болады. Авторлар осы үдерістердің бір-бірімен қарым-қатынаста болуы және бірін-бірі толықтыруы, олардың дифференциалдық белгісі ретінде санада түзілетін құрылымдар — когнитивтік құрылымдардың сипаты жайлы сөз қозғады.

Кілт сөздер: когнитивтік үдеріс, танымдық үдеріс, концептуалдау, санаттау (категориялау), когнитивтік құрылым, менталдылық, тілдік категориялар, концепт, прототиптік семантика, ғаламның тілдік бейнесі, метафоралық және метонимиялық үлгілер, тілдік кеңістік.

Когнитивтік лингвистика ғылымының негізін құрушы ғалымдар қатарының белсенді тілші-маманы Е.С. Кубрякованың айтуынша: «Қоршаған шындық өмірді саналы түрде тану мен адам тәжірибесін категориялау тілмен байланысты болып келеді, өйткені адамның когнитивтік қызметі барысында алынған мазмұндық ақпарат тіл мен тілдік формаларда көрініс тауып, сөйлеу арқылы іске асады. Диалектикалық формадағы когнитивтік (танымдық) үдерістер тілмен тығыз байланысты, оның себебі тіл адамдардың қоғамдық тәжірибесі мен дүние туралы білімдерін бекітіп отырады. Ал біздің сана құрылымы туралы білгендеріміз тек қана тілге байланысты, тіл осы құрылымдар туралы хабарлауға және оларды кез келген табиғи тілде суреттеуге мүмкіндік береді» [1; 21]. Қазіргі тілтаным теориясы тұрғысынан кез келген ақпаратты кодтау мен құрылымдау және оның тілдік көрінісі когнитивизм, психология, логика, семиотика, этнолингвистика, мәдениеттану, тағы басқа ғылым салаларының аясында жан-жақты қарастырылғанымен, әр ғылым саласы бұл тілдік құбылысты өз шеңберінде ғана зерттеп, біржақты қорытынды жасайды. Осы орайда тілдік бірліктердің берілуіндегі көптеген ерекше белгілер назардан тыс қалатыны белгілі. Алайда адамның қыл есі, ойлау қабілеті, адамның ішкі жан дүниесінің тілдік бірліктердің көмегімен сыртқы дүниеде көрініс табуы немесе ойлау қабілетінің құрылымдары тек қана тіл арқылы жүзеге асатыны сөзсіз ақиқат. Сондықтан тілді адам миында, ой-санасында түзілетін когнитивтік құрылымдардың әрі көрінісі, әрі қолданыс құралы ретінде қарастыруға болады. Бұл дегеніміз — бізді қоршаған дүниені тану адам түйсігінде түзілетін концептуалдау үдерісіне әкеліп тірелтеді. Ал бұл үдерісті қарастыру тілдік бірліктердің құрылым ретінде жіктеліп, алғашында санадан, ойлау үдерісінен, кейін вербалданып, сөйлеу нәтижесі ретінде айтылым барысында, жан-жақты қолданыста айқын көрінеді. Сонымен, концептуалдану категориялану үдерісімен тығыз байланыста болып, бір-бірімен арақатынас негізінде тілдік бірліктердің семантикалық мағыналарын айқындайды.

Тілдік кеңістік аясында концептуалдау үдерісі кеңінен қолданылып, лексикалық жүйе бірліктеріне ерекше көрініс береді. Бұл үдеріс мәні концептуалдық бірлік арқылы білім құрылымын көрсете алады: «әрбір концептуалдаудың жеке бөлігі белгілі бір мәселені шешу үлгісін көрсетеді және оларға ойша пайымдау тетігі, қорытынды мәліметтер алу (инференция) мен басқа да логикалық операциялар ықпал етеді» [2; 93].

Концептуалдау үдерісі категориялау үдерісімен тығыз байланыста болады. Категориялау «ірі топтарға бірліктердің бірігуі, бір-біріне ұқсас немесе бір-біріне теңестірілген сипатқа» бағытталған [2; 93]. Категориялау кластар, топтар, топтамалар, көптік категориялар тәрізді классификациялық бірігулер тізбегімен аяқталады [2; 46]. Когнитивтік категорияны қарастыру барысында, бір жағынан, категорияның ара қатынас мәселесі тұрса, екіншіден, классификаторлардың

концепт, фрейм, сценарий мәселелері тұрады. Өз кезегінде, категория абстракцияның жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Бұл жөнінде Н.Н. Болдырев былай пайымдайды: «Категориялардың негізін қалыптастыруда білімнің белгілі бір құрылымдары бар, және де бұл құрылымдарға қандай элементтер кіреді немесе олардың берілген категорияға жатқызылу мүмкіндіктері, олардың негізгі белгілері, басқа категориялармен қалай және қандай жағдайда байланысқаны, бұл категория үшін қандай үлгілер тән, сондай-ақ не жатпайды және тағы басқа сұрақтар әркез өз маңыздылығын жоймайды» [3; 66]. Осы тұжырымға сәйкес категорияның негізінде прототиптік (түп, төркін) концепт жатады деуге болады. Ғалымның айтуынша, «категориялау дегеніміз — бір жағынан, нысандар мен құбылыстардың және олардың атауларының категорияларын білу болса, екінші жағынан, бұл үдерістің өзі оларға тән атауларды иеленуі, қоса айтқанда, үдерістің өзінің нақты категориялардағы сол нысандарға жатқызылуы» [3; 67].

Сонымен, когнитивті категория қоршаған ортаны, әлемді танып, менталды игеру үдерісіндегі жоғарғы деңгейлі талдап қорытудың бірлігі деуге әбден болады. Бұл жерде ескере кететін жағдай — абстракция дәрежесі түрленуі мүмкін, себебі заттардың категорияларға жатқызылуы немесе бөлінуі және қоршаған ортаның құбылыстары көп жағдайларда әртүрлі деңгейде өтеді. Категория осылайша белгілі бір иерархияға (сатылыққа) бағынышты болады. Демек, категорияның тік және көлбеу аспектілері туралы қорытынды жасау қисынды болмақ. Категорияның тік аспектісі категория мүшелерін иерархиялық тәртіпке келтіруін дәлелдесе, көлбеу аспектісі абстракциялаудың бір деңгейін бөліп көрсетеді.

Кейінгі кездердегі ғалымдар (Э. Рош, Дж. Лакофф, Н.Н. Болдырев т.б.) категорияның төмендегідей деңгейлерін атап көрсетеді: а) базалық; ә) суперординатты; б) субординатты. Бұл жердегі соңғы екі термин иерархия қатынасындағы өзара байланысты айқындау үшін қолданылса, базалық деңгей көлбеу кесіндісінің біреуіне бекітіледі. Мысалы, базалық деңгейдегі «кітап» сөзі, суперординатты «оқулық», «оқу құралы», субординатты «басылым», «журнал», т.с. тілдік бірліктермен толықтырыла алады. Психологтардың пайымдауынша, қарапайым сана базалық деңгейде түзіліп, соның категорияларына сүйенеді және сыртқы дүние нысандары туралы арнайы теориялық білімді талап етпейді. Бұл деңгейдегі қабылдау мен категориялау гештальт түрінде іске асады, яғни белгілі бір мүшеге бөлінбейді. Және де осы деңгейдегі нысандар мен олардың концептілері терең ұғынбай-ақ қабылданып, құрамдық компоненттері туралы басқа мәліметті қажет етпейді.

Базалық деңгей пайдалану үшін ыңғайлы, түсіну үшін жеңіл категория мүшелерімен ұсынылады. Базалық деңгейдің абстракциялық дәрежесі категория мүшелерін меңгеруде күш салуды талап етпейді. Дәлел ретінде балалардың бірінші кезекте меңгеретін тілдік бірліктерін «ана», «әке», «бер», «ал», «жақсы», «бар», «жок», т.с. келтіруге болады. Базалық деңгейдің біздің әлем туралы біліміміздің ең көлемді бөлігін сипаттауын заңды құбылыс деп қарау керек. Дж.Лакофф базалық деңгейдің базалық категориялық сипатын келесі ерекшеліктер арқылы түсіндіреді:

- 1) қабылдау, толық қабылдау формасының типтік түріне арналған, баға беруші менталды бейне, жылдам идентификация;
- 2) іс-әрекеттің бірдей жүйесі тәрізді жалпы моторлық (қозғалыс) бағдарламаға негізделген қызметтер;
- 3) жиі қолданылатын, қысқа және контекстуалды бейтарап сөздерді таңдау арқылы көрінетін коммуникация (қарым-қатынас);
- 4) таным-білімнің ұйымдастырылуы (бұл деңгейде категория мүшелеріне тән сипаттар көбірек сақталады) [4; 351].

Келтірілген пайымдауларды саралай отырып, орыс ғалымы Н.Н. Болдыревтың тұжырымдамаларымен санаспауға болмайтынын көреміз. Категориялау үдерісі үшін тек қана көрсетілген шараларды орындау маңызды емес екенін ғалым еңбегінен келтіре кеткіміз келеді. Бұлай дегеніміз: «Әлемді абстракцияның әртүрлі деңгейіндегі категорияға мүшелеу және олармен бірге белгілі бір нысандар мен құбылыстардың ара-қатынасын белгілеу — психологиялық маңызы бар орта деңгейді арнайы бөліп көрсету, яғни базалық деуге болады» [3; 87].

Дж.Лакоффтың айтуы бойынша: «Категориялау үдерісі когнитивті үлгілерді (модельдерді) белсендіру есебінен өтіп жатады. Бұл іс-әрекеттің қорытындысы категориялық жіктеулер болып табылатын когнитивті аппаратты құрайды» [5; 31].

Алғаш болып когнитивтік үлгілерді (модельдерді) Дж.Лакофф бөліп көрсеткен еді. Ол пропозиционалды, үлгілердің кестелік, метафоралық және метонимиялық модельдерін бөліп

карастырды [5; 31]. Пропозиционалды үлгілер когнитивті модель элементтерін сипаттай отырып, олардың арасындағы байланысты теңестіре элементтерді мүшелерге бөледі. Бұл жерде пропозиционалды модельдерді пайдалануда базалық деңгейдегі елестету механизмі іске аспайды. Осыған орай пропозиционалды модель адам білімінің құрылымына тән екендігін көреміз. Метафоралық үлгілер пропозиционалдықтан, өту үдерісіне немесе бір саланың кестелік-бейнелі үлгісінің соған сәйкес басқа сала құрылымына тән болып табылады. Метонимиялық үлгілер жоғарыда сипатталған бір немесе бірнеше үлгілердің бірі болып келетін, көрсетілген қызметті толықтыратын, бір-біріне қатысты бір элементті анықтайды, яғни Дж.Лакоффқа жүгінсек: «Белгілі бір когнитивті мақсат үшін барлық категорияларды алмастыра алатын бөлігі» [5; 34].

Категориялардың элементтері бір-бірімен әртүрлі қатынасқа түседі. Олар адамды қоршаған сырт дүниенің әртүрлі формадағы категориялануын көрсетеді. Категорияның, өз алдына, әртүрлі топтарға бөлінуінің қорытындысында пайда болған когнитивтік үлгілер күрделі кеңістік болып табылады. Бұл күрделілік әртүрлі конфигурациялармен (кескіндемелер, пішін үйлесімдерімен) байланысты. Бұлар, өз кезегінде, нысандардың алуан түрлілігін және күрделілігін өзара байланыстыра отырып, сол байланысты нығайтады. Категориялар қалыптасудағы өзіндік белгілерімен, атап айтқанда, суреттерімен, кестелерімен ерекшеленеді. Құрылым ретіндегі категорияларды базалық, классикалық, нәтижелік, бөлшектік, кластерлік деңгейлер деп сипаттауға болады. Бұл қатар объективті нақтылық кесіндісіне немесе сол нысандарды бейнелеудегі категориялардың құрылым кестесіне сәйкес өзгеруі мүмкін. Мұндағы базалық категориялар бастапқылар қатарына жатқызылып, күнделікті формада үйреншікті таным үдерісінде әлемнің категориялануын көрсетеді. Олардың негізгі қалыптасуында гештальттық құрылым болады. Мысалы, бүтіннің бөлікті беруінде базалық деңгей концептісі жатады: кез келген нысан жеке бір бөліктерден құралушы емес, бүтін болып қабылданады. Және де бөлшекті танып, білу қажеттігі бүтіннің қызметіне қатысты болады. Басқаша айтқанда, базалық категориялар табиғи қабылдауға сәйкес келеді және қоршаған орта нысандарын категориялауда оларға тән белгілер ажыратылып көрсетілмейді.

Классикалық категориялар белгілердің ортақ жиынтығы тәрізді құрылады және ғылыми таным үдерісі кезінде бөлініп шығады. Әрбір келесі категория өзінен кейінгі барлық төмендегі категориялардың белгілерін қабылдап, иерархиялық құрылымның бөлшегі іспеттес болады. Классикалық категориялар арнайы, теориялық білімдерді рәсімдейді.

Категориялау үдерісі қоршаған ортаны үздіксіз бақылап, танып, қабылдау арқылы, бір жағынан, адам тілінің құрылымын түсінуге маңызды болып табылса, екінші жағынан, тілдік қызметті іске асырады. Яғни, тіл бірліктері адамға қоршаған дүние туралы мәлімет пен білім бере отыра, осы әлемнің бөлігі болып табылады және адам жадында категориялық түрде сақталды. Осыған сәйкес тіл категориалды құрылым болып табылады деуге әбден болады. Бұл жерде, ең алдымен, лексикалық категориялау мүмкіндіктерінің арта түсетінін айта кету керек, атап айтсақ, сөздердің лексикалық мағынасы бойынша анықталуы. Сонымен қатар лексикалық категориялау жалпы сырттан келетін мәліметтің сақталуы мен көрініс беру қызметін атқарады. Бұл заңдылық грамматикалық категориялауды әбден мұқият қарастыруда өте маңызды рөл атқарады. Лексикалық, грамматикалық категориялау мәселесіне қатысты О.Шпенглер грамматика және сөздік қор туралы былай дейді: «Біріншісі — жанмен, екіншісі — заттар мен олардың кеңістікте орналасуымен байланысты» [6; 857].

Сөйлеу, тілдесу үдерісінде лексикалық және грамматикалық категориялаудың өзара әсері болады. Себебі пікір алмасу кезінде ойдың берілуі және қалыптасуы сөздердің лексикалық және грамматикалық категориялануының өзара әсеріне, олардың жүйелік және жұмсалымдық белгілеріне негізделеді. Сөйлеу үдерісіндегі сөздерді пайдалану оларды функционалдық (жұмсалымдық) категориялау арқылы бірнеше негізгі қағидаттарға негізделеді. Бұлар:

а) *актуалдау* (жүйелі түрде іске асыру; сөздің бастапқы өзгеріссіз түріндегі, яғни, ойды қалыптастырудың негізінде сөздікте келтірілген сипаттарға сәйкес қолданылуы);

ә) *қайта категориялау* (басқа категория белгілерімен, басқа категория мен оның ара-қатынасы арқылы сөзді және өзге концептіні қайтадан ой елегінен өткізу);

б) *поликатегориялау* (бір мезгілде бірнеше концептуалдық сипаттарды немесе әртүрлі концептілер белгілерін іске асыру, яғни, сөздің екі түрлі категория арқылы ара-қатынасын белгілеу).

Тілдік категориялардың қалыптасу негізінде концептілердің мазмұны және құрылымы туралы және де осы категориялардың құрылысын ұйымдастыру қағидаттары туралы тілдік білімді толыққанды түсінудегі прототиптік семантиканы анықтаудың маңызы зор. Сонымен қатар прототиптік семантиканы анықтау ойды қалыптастырып, оны репрезентациялау үдерісіндегі тілдік және когнитивтік өзара әрекетестіктің әсер ету тетігі туралы ауқымды ұғыну мүмкіндігін береді.

Ғалым Р.А. Берндт когнитивтік факторлардың қолданылуына былай деп тұжырым жасайды: «Сөздегі семантикалық үдерістерді сараптау аясында когнитивтік факторлардың әсері зор. Когнитивтік лингвистиканың аппараты мен іске асыру түрлері сөз мағынасының өзгеру үдерісін сипаттауда қолданыс табады. Яғни, сөз мағынасының өзгертілуінде семантикалық жаңару болады, ол пікір алмасуда, нақтылауда, кескінді қолдануда көрініс табады. Ауыстыру және семантикалық өзгеріс іске асады» [7; 76]. Семантикалық өзгеріс таным үдерісінің барысын айқындайды, берілген лингвомәдени фактілердің ортақтығын, айналадағы нысандар мен үдерістерді игереді. Осылайша, сөздің семантикалық құрылымындағы жоғарыда көрсетілген үдерістердің ағымы ұлттық мәдениетке тән нақтылық пен айқындылықтың куәсі ретінде табылады. Олар тілдік бірліктер арқылы көрініс береді.

Бұл жағдайларда прототиптік үлгілер құрылымдары салыстырмалы түрде алдыңғы қатарға шығып, әртүрлі тілдердегі семантикалық өзгерістер аясында концептуалданады. Және де мұндай салыстырулар сөздің семантикалық құрылымының мәдениеттану компоненттерінің айқындалуына мүмкіндік туғызады. Бұл тұрғыдан, тіл білімі ұлттық-мәдени ерекшеліктердің айқындалуын іске асыратын аппарат ұсынып, мәдениеттанымдық компоненттердің ерекшеліктері туралы мәліметтерді категориялау үдерісі арқылы салыстыру қорытындысында және түрлі тілдерді іске асыруда пайдалана алады. Бір мезгілде берілген бір нысан түрлі географиялық салада прототиптік белгілердің бөлінуіне және айналадағы ақиқатты меншіктеу бойынша тұрмыстық тәжірибеде қызмет ете алады. Ғаламның тілдік бейнесінде көрсетілген категорияны қайта қалпына келтіру, лексикалық бірлікке сәйкес семантикалық құрылымды талдау арқылы мүмкіндікке ие бола алады.

Категорияның өрістік құрылымы ортасында прототипі бар, айналасындағы мүшелерімен қоршалған өріс сияқты берілуі мүмкін. Өріс аясында өзегінен әртүрлі қашықтықта оның мүшелері орналасады. Қайсыбір категория ортақ прототиптен семантикалық өзгерісіне байланысты жақын немесе алшақ орналасуы мүмкін. Категорияның орталықтандырылуы туралы Дж. Лакофф өз еңбегінде былай дейді: «Орталық, орталыққа жақындары және шеткі категорияның мүшелері бір-бірімен тізбек сияқты байланысады» [5; 16]. Осы берілгендерге сәйкес категориялау үдерісінде категория мүшелерін таңдау, олардың сатылы реттілігі, ұйымдастырылуы және концептуалдануы жүргізіледі. Категориялық тізбектерге байланысты ол әр мәдениетте өз ерекшеліктеріне қарай белгіленеді де, осыған сәйкес жалпы білім өзінің басымдығына байланысты арнайы білімге ауыстырылады. Және бұл үдеріс туралы Дж. Лакофф былай дейді: «Бұдан басқа категориялық тізбектерінен, ғаламның идеалды үлгілерінен мифтер, сенімдер, тағы басқа туындауы мүмкін» [5; 16]. Категориялаудың ұлттық ерекшеліктері прототиптердің бөлінуімен байланысты. Категорияларды қалыптастыру негізінде оның мазмұнын анықтайтын концепттер жатады. Мысалы, әрбір ұлт үшін бір зат немесе нәрсе атауы менталдылық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі категориялармен сипатталады. Ұлттық мәдени қоғам тарапынан сол үдерісті танудың өзіне тән ерекшеліктері болады. Осы мәселе төңірегінде ой қозғаған Г.А. Золотова былай деп пайымдайды: «Нақтылық тілдік формаларда жанама түрдегі бейне ғана емес, сол тілде сөйлеушілердің ұлттық-тілдік ұжымының санасында ұйымдастырылады» [8; 25]. Бұл күрделі, бір мағыналы емес, дайын кестеге келмейтін ұлттық ерекшеліктің өзара сипаты және ойлау мен когницияның әмбебаптығы болмақ. Мысалы, орыс халқы үшін *үйден тысқары жер – улица*, қазақ тілінде – *дала*, ағылшын тілінде – *out* – тыс, сырт.

Ақиқат дүние құбылыстарының тілдік бірліктер арқылы белгіленуі кез келген тілде белгілі бірқалыпты (стандартты) жағдаяттардың болуы мен стандартты тілдік үлгілерді қолдану және олардың берілу жолдарымен байланысты болады. Сондықтан да неғұрлым осы тілдік үлгілер жүйесі кең болса, соғұрлым тілдік бірлік формалар жүйесі де мол болып құрылады. Сөзжасам түрлері мен үлгілердің молдығы ақиқат дүние элементтерінің тілдік белгіленуін түрлі деңгейдегі амал-тәсілдер мен үлгілер арқылы жүзеге асырып, кең әлеуетті зор номинативтік қызмет атқарады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения / Е.С. Кубрякова. — М.: Наука, 1997. — 289 с.
- 2 Кубрякова Е.С. Краткий словарь лингвистических терминов / Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г. Лузина; под общ. ред. Е.С. Кубряковой. — М.: Филол. ф-т МГУ им. М.В. Ломоносова, 1996. — 245 с.
- 3 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика: курс лекций по английской филологии: учеб. пос. / Н.Н. Болдырев. — 3-е изд. — Тамбов, 2000. — 109 с.
- 4 Лакофф Дж. Лингвистические гештальты / Дж. Лакофф // Новое в зарубежной лингвистике. — 1981. — Вып. X. — С. 350–368.

- 5 Лакофф Дж. Когнитивные аспекты языка / Дж. Лакофф // Новое в зарубежной лингвистике. — 1988. — Вып. XXIII. — С. 12–51.
- 6 Шпенглер О. Закат Европы / О. Шпенглер. — М.: АСТ, 2000. — 1376 с.
- 7 Berndt R.A. History of Children's Spatial Semantik Categories: Cognitive versus Linguistic Determinants / R.A. Berndt. — Cambridge University Press, 1996. — P. 145–176.
- 8 Золотова Г.А. Коммуникативные аспекты русского синтаксиса / Г.А. Золотова. — М.: Эдиториал УРСС, 2001. — 368 с.

Н.У. Абдуллина, К.Ж. Айдарбек

Концептуализации и категоризации в качестве основы формирования когнитивных структур

В статье рассмотрены некоторые особенности процесса концептуализации и категоризации, а также связанные с ними понятия когнитивных единиц и когнитивных структур. Одним из основных процессов познавательной деятельности человека является концептуализация, заключающаяся в осмыслении всей поступающей в мозг человека информации и приводящая к образованию концептов, концептуальных структур в сознании человека. Процесс концептуализации сопровождается обязательной категоризацией всей поступающей информации, в результате чего формируются определенные когнитивные структуры. Авторами эти процессы изучены в качестве взаимосвязанных и взаимодополняющих, если их основным дифференциальным признаком является формирование мыслительных образований — так называемых когнитивных структур.

Ключевые слова: когнитивный процесс, процесс познавательной деятельности, концептуализация, категоризация, когнитивные структуры, ментальность, языковые категории, концепт, прототипная семантика, языковая картина мира, метафорические и метонимические модели, языковое пространство.

N.U. Abdullina, K.ZH. Aydarbek

Conceptualization and categorization as basis for the formation of cognitive structure

In the article some features of the conceptualization and categorization process, as well as the cognitive units associated with them are considered. Conceptualization is one of the main processes of human cognitive activity. It consists in the comprehension of all information entering the human brain and leads to the formation of concepts and conceptual structures in the human consciousness. The conceptualization process is accompanied by the mandatory categorization of all incoming information. As a result the determined cognitive structures are formed. In the article, these processes are considered as interrelated and complementary if their main differential feature is the formation of mental cognitive structures.

Keywords: cognitive process, process of cognitive activity, conceptualization, categorization, cognitive structures, mentality, language categories, prototype semantics, the concept, language picture of the world, metaphorical and metonymic models, language space.

References

- 1 Kubriakova, E.S. (1997). *Chasti rechi s kognitivnoi tochki zreniia [Parts of speech from a cognitive point of view]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Kubriakova, E.S., Demiankov, V.Z., Pankrats, Yu.H., & Luzina, L.H. (1996). *Kratkii slovar lingvisticheskikh terminov [Concise Dictionary of Linguistic Terms]*. E.S. Kubriakova (Ed.). Moscow: Filologicheskii fakultet MHY imeni M.V. Lomonosova [in Russian].
- 3 Boldyrev, N.N. (2000). *Kognitivnaia semantika [Cognitive semantics]*. (3d ed.). Tambov [in Russian].
- 4 Lakoff, Dzh. (1981). *Lingvisticheskie heshtalty [Linguistic gestalts]*. *Novoe v zarybeznoi lingvistike – New in foreign linguistics, issue 10*, 350–368 [in Russian].
- 5 Lakoff, Dzh. (1988). *Kognitivnye aspekty yazyka [Cognitive aspects of the language]*. *Novoe v zarybeznoi lingvistike – New in foreign linguistics, Issue 23*, 12–51 [in Russian].
- 6 Shpenhler, O. (2000). *Zakat Yevropy [Sunset Europe]*. Moscow: AST [in Russian].
- 7 Berndt, R.A. (1996). *History of Children's Spatial Semantik Categories: Cognitive versus Linguistic Determinants*. Cambridge University Press.
- 8 Zolotova, H.A. (2001). *Kommunikativnye aspekty russkoho sintaksisa [Communicative aspects of Russian syntax]*. Moscow: Editorial URSS [in Russian].